

**BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 1991-3494

Volume 6, Number 364 (2016), 89 – 96

G. K. Turabaev

Kazakh National Pedagogical University after named Abay, associate professor, cand.econ.sci., Almaty, Kazakhstan.
E-mail: nauka_kaznpu@bk.ru

**IMPROVING THE MANAGEMENT SYSTEM
OF INNOVATION PROJECTS OF ENTERPRISES**

Abstract. The article presents some innovative ways to improve the project management system in the enterprises, in particular, is an innovative project selection algorithm based on the definition of risk, the model of the transformation of innovation projects and the company's development strategy and improve the scheme of management of innovative projects in the enterprise. In this article features of innovative and technological development, and also their distinction which thoroughly influence innovation projects are considered. In article ways of improvement and introduction of innovative projects are reasonable. The management model and strategy of transformation of innovative projects is provided. The relation of products and technology at the competitiveness enterprises.

Key words: innovative projects, management of projects, option, enterprise, algorithm.

ӘОЖ 338:242.2

Ғ. Қ. Тұрабаев

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
доценті, экономика ғылымдарының кандидаты, Алматы, Қазақстан

**КӘСІПОРЫННЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ
БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТИЛДІРУ**

Аннотация. Макалада кәсіпорынның инновациялық жобаларды басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстары, соның ішінде инновациялық жобаларды іріктеудегі басқару алгоритмі, инновациялық жобаларды басқару объектілері мен стратегияның трансформациялау моделі, инновациялық жобаларды басқару процесінің жетілдірілуі көрсетілген. Аталған макалада инновациялық жобаларға айтарлықтай ықпал тигізетін заманауи қоғамдағы инновациялық дамудың технологиялық дамудан айырмашылығы мен ерекшілігі жан-жакты қарастырылған. Макалада инновациялық жобаларды енгізу нәтижесінде бәсекеге қабілеттілігін арттырудың бағыттары негізделген. Сонымен қатар, бұл макалада инновациялық жобаларды басқару нысандары мен стратегияның трансформациялау моделі жан-жакты көрсетілген. Бәсекеге қабілетті кәсіпорындағы өнім және техниканың бір-бірімен тығыз байланысы анықталды.

Тірек сөздер: инновациялық жобалар, жобаларды басқару, опция, кәсіпорын, алгоритм.

Инновациялық жобаны басқарудың сыйбалық алгоритмін көз алдымызға келтіру үшін қажетті көрсеткіштерді есептеу, оларды салыстыру және сәйкес шешімдерді қабылдаудың қисынды тізбегі түрінде қарастырамыз. Басқару алгоритмі, әрбір кезеңдегі жоба көрсеткіштерін бағалаудың бағыттарын қайталаумен, инновациялық жобаның кезеңдерін жүзеге асыру бойынша кәсіпорынмен жүргізілестін, талдамалы операциялардың ұзақтықты және циклдік сериясының бір бөлігін көрсетеді.

Сипатталған тәуекелділікті бағалау бойынша әдіс, алға қойылған екі мәселені шешуге ықпал етеді. Іс-әрекетті түзетудің болашақ мүмкіндіктерін есепке ала отырып, жобаны бағалау үшін, нақты кезең аясындағы тәуекелділікті анықтау арқылы сипаттай отырып, R коеффициентімен тәуекелділікті бағалауды ұсынып отырмыз. Кезең бойынша бағаланатын R көрсеткіші, кәсіпорынмен таңдалынған шекті тәуекелділіктің өлшемді деңгейімен салыстырылуы тиіс. Осы салыстыру

негізінде көсіпорын, тәуекелділікті бағалау нәтижесі бойынша кез келген сатыда жоба шенбे-ріндегі опционды қысқарту мүмкіндіктері туралы шешім қабылдайды. Опциондарды қысқарту бойынша шешімдер, жоғарыда айтылғандай, кезең бойынша есептелеңетін R мәнінің салыстыру негізінде шекті болуы мүмкін.

Күті, кеңейту, қысқарту опциондары бойынша, өткізу стратегиясын түзетуде шешімдер келесі тізімділікте қабылдануы қажет.

Белгілі бір көсіпорынмен жоба бойынша қажетті толықтыруши ақпарат алынды делік, және аударылған опциондардың бірінің орындалуы бойынша шешімдерді қабылдау мезгілінде келуі мүмкін. Ондай жағдайда сарапшылармен, әрбір жағдайлар үшін, опционның орындалуы немесе орындалмауы, яғни, NPV және NPV түзетілген сандары бағалау алынуы мүмкін.

Енді біз, олардың орын басуларын жүзеге асырмай, оның орнына олардың әрқайсысына R деңгейін бағалап және тәуекелділігі төмен болатын сол нұсқаның пайдасына шешім қабылдаймыз.

Осылайша, түзетілген стратегия аясында бірнеше опциондардың орындалуы есепке алынады, мысалы, өткізу стратегиясын түзету және кеңейту немесе олардың бастапқы стратегиясы бірден бірнеше баламалармен бағалануы алынуы мүмкін.

Ұсынылған алгоритмін жүзеге асыруда, R көрсеткішінің шекті мәнін анықтау маңызды болып табылады. Жоғарыда айтылғандай, ол G мәндерінде жобалар бойыншажеке шектеулер есептелеңетін болғандықтан, қолданудың белгілі бір жан-жақтылығына ие. Сондай-ақ, көрсеткіштің экономикалық мәні ретінде – күтілетіннен төмен болатын нәтижені алу ықтималдылығы болатыны айтылған. Осыған байланысты, кез-келген мән, компанияның басшылығының түсіністігінен және үлкен және аз жақтардағы сәйкес бағаның түзетілуіндегі тәжірибелі жинақталуындағы уақыт қатынасына қарай таңдалуы қажет.

Көрсеткіштің, сондай-ақ, өзара әртүрлі жобаларды салыстыруға мүмкіндік беретінін байқаймыз. Мақсатты түрде, функцияны орындаушылар арасында опциондарды іздестіру және оларды бағалауды бөлу қажет.

Базалық және түзетілген стратегияға бағаны бере отырып, сарапшылар олардың қайсысы қандай екенін білмеулері тиіс. Түзетілген стратегияны бағалау, «егер де міндеттемелерді топтастыру, белгілі бір жағдайға ие болатыны белгілі болса, онда...» секілді қағида бойынша құрылады. Виртуалды модельдеу аясына араласпаған, шындыққа сәйкес бағалауды алу үшін, келесі кезеңдегі нәтижелеріндей болуы тиіс, анық мәлім ақпараттар туралы сарапшыларды ақпараттандыру қажет емес. Бұл сарапшылардан, барлық нұсқаларға ұқсас қарым-қатынасты алуға және тиісінше, моделденетін жағдайлардың бағалануына қажетті көзкараспен жағындауға мүмкіндік беретін, ойлау инерциясының жағымсыз есерін төмендету қажет.


Жасалынған әдістің макұлдануы, R жиынтық көрсеткішінің сини мәнін таңдау және сараптаманы жүргізуге талаптар, сарапшыларды дайындау секілді қосіпорынға оны ендірумен байланысты, басты сұрақтарды анықтауға және әдісті тәжірибелі қолдану мүмкіндігін нақтылауға мүмкіндік береді.

Бір жағанын, бұл әдіс, ішкі және сыртқа ортадағы баламалы жолдарды іздестіруге және таңдалинған стратегияны тұрақты сынап талдауын жүргізуге мүмкіндік береді және менеджерлерді ынталандырады. Басқа жағынан, тұтас жобаны лезде бағалауға, ал, оның жеке кезеңдері, инвестор алдында ашылатын кейбір мүмкіндіктерді алуға мүмкіндік береді.

Бұл әдістің құндылығы, инновациялық жобаларды басғалау алгоритмінен жүзеге асыруға мүмкін болатындардың ішінен үздік баламаны таңдаудан басқа, ол менеджерге опциондарды сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Әзірленген әдіс, көсіпорын алдында ашылатын, оны қабылдайтын, тәуекелділік және мүмкіндіктер арасындағы өзара байланысты ескеруге мүмкіндік беретін, жоғары тәуекелділікті жобаларға қосымша мүмкіндіктерді береді.

Опциондарды алу секілді, барлық инвестицияларды қарастыра отырып, біз бір жағынан, жеке қадамдар бойынша барлық жобаның тәуекелділігін есептемеуге мүмкіндік аламыз, яғни, берілген қатарда келтірілген шығындармен шектеу қоя аламыз, екінші жағынан жобаны басқаруда тәсілдемелерді қағидалы түрде ауыстыра аламыз.

Егер де жобаны бағалаудың дәстүрлі әдістері, қосымша ақпараттың тусуі бойынша стратегияны түзетудің мүмкіндіктерін есепке алмаса, онда әзірленген әдіс, керісінше, жобаның жүзеге асырылуында қабылданған шешімдерді қайта қараша және менеджерлерден тұрақты мониторингті талап етеді.



1-сурет – Инновациялық жобаларды іріктеудегі басқару алгоритмі


Келтірілген мақұлдаулар негізінде, жасалынған әдістің осы мақсатқа сәйкес нәтижелерін жасауға болады. Кәсіпорынның ағымды жағдайын бағалаудың негізінде оның қызметтінің күшті және әлсіз жақтарын, мүмкін болатын типтік жағдайлардың бірімен салыстыру алдынғы кезекке

шығып отыр, олардың қатарына (жалпы түрде) «дағдарыс», «біршама тұрақтылық» жағдайларын жатқызамыз [3]. Қәсіпорынның ағымды жағдайын бағалау оның әрі дамуын болжауға мүмкіндік береді, себебі, мысалы, қәсіпорын «дағдарыс» жағдайынан бірден «оңалу» жағдайына тікелей өте алмайды. Сондықтан да, қәсіпорынга дәл осы жағдайда жалғыз мүмкін болатын стратегия тұрақтылық стратегиясы болып табылады.

Бұл кезенде стратегияның жалпы мазмұнын сипаттаумен қатар оны ары қарай жүзеге асырудың бағыттары және механизмдері туралы алғашқы түсініктес қалыптаса бастайды, ол үшін қәсіпорынның ағымды жағдайының қалыптасуына негіз болған негізгі сыртқы және ішкі себептер анықталады. Қәсіпорынның ағымды жағдайын талдаудың басты қорытындысы оны дамытудың стратегиясын әзірлеу үшін оңалу жағдайларды анықтау болып табылады.

Екінші және үшінші кезендерде қәсіпорынның оғалуға мүмкін болатын және күтілетін жағдай болашақта инновациялық даму көзқарасымен талданады. Бірінші кезенде алынған стратегиялық жоспарлаудың оңалужағдайларының, өнім және қызмет нарықтарының, өнім және қызмет нарықтарының жағдайларын талдау, сонымен қатар инновациялық даму саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен басымдылықтарын талдау негізінде болжанатын кезенге қәсіпорынның миссиясы қалыптасады. Қәсіпорынның миссиясын анықтау процесі барысында оның дамуына әсер ететін, сыртқы және ішкі факторларды ескеру кажет. Қалыптасқан миссияның негізінде оның қызметінің негізгі басымдылықтары, сонымен қатар әр қайсысының стратегиялық мақсаттары анықталады. Тиісінше, екінші және үшінші кезендердің басты нәтижесі мүмкін болатын, күтілетін қәсіпорын жағдайына қатысты стратегиялық мақсат беретін ұстанымдарды тандау болып табылады [1].

Аталған стратегиялық мақсат беретін ұстанымдарды жүзеге асыру үшін қәсіпорынның инновациялық стратегиясын әзірлеудің төртінші және бесінші кезендерде базалық стратегиялардың біреуі тандалады: тіршілік ету, тұрақтылық немесе өсу (немесе болжанатын кезенге стратегияларды кезектік тізбегі). Тандалған стратегияның шенберінде қәсіпорынның қызметтік инновациялық стратегиясы қалыптасады. Оны қалыптастыру барысында қарастырылған алгоритимді жүзеге асырудың бірден-бір манызды мәселесі болып: жалпыжүйелік әдістемелік талаптарды сақтау, қәсіпорынды стратегиялық басқарудың объектісі ретінде қарастыру, сонымен қатар оның нарықтық ортасын, оны дамытудың ең үздік баламаларын тандауды сипаттау табылады [3].



2-сурет – Инновациялық жобаларды басқару объектілері мен стратегияның трансформациялау моделі

Кәсіпорын дамуының көптеген мәселелері оның қызметін сапасыз басқарумен байланысты екендігін ескеру қажет. Бұл жағдай кәсіпорынның даму стратегиясының жоқтығы салдарынан және оның алдында тұрған негізгі мәселелерді онтайсыз шешу барысында орын алуы мүмкін.


Сол себепті инновациялық жобаларды басқару объектілері мен стратегияның трансформациялау моделін келтіреміз (2-сурет).

Бірқатар жекеленген авторлардың пікірінше, «инновациялық стратегия жоспарды білдіреді, яғни, ол, өндіріс және өткізу арқылы зерттеудерден бастап, пайдалануға дейін барлық процестін созылымына катысады, бақылаудың және «араласудың» негізгі бағыттарын белгілейді, технологиялық деңгейді арттыру қарқынын және ол үшін қажетті ой енбегінің өнімдерін табу әдістерін анықтайды» [2].

Инновациялық дамудың технологиялық дамудан айырмашылығы, біріншісі кәсіпорынның болашакта даму қабілетін мазмұндайтын динамиzm элементін өзіне біріктіреді, ал басқасы оның өндірістік аппаратының және өндіретін өнімінің техникалық деңгейінің жағдайындағы өзгерісін айқынтайты. Бұл түсінктер өзара байланысты болуына орай олар көбінесе бірегей түрде кәсіпорынның инновациялық-технологиялық дамуы ретінде қарастырылады.

Кәсіпорынның инновациялық стратегиясын әзірлеудің негізінде оның экономикалық мүмкіндіктерінің болжамы жатады (оның болшақтағы инновациялық мүмкіншіліктері, даму тұрақтылығы және т.б.), ол оның инновациялық даму деңгейінің негұрлым еткіздіктерінде талдаудың жасауға және оның дамуының негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Инновациялық жобаларды басқару процесінің жетілдірілген сыйбасы 3-суретте келтірілген.



3-сурет – Инновациялық жобаларды басқару процесінің жетілдірілген сыйбасы

Бұл болжамның нәтижелері, кәсіпорынның мүмкіндітеріне және нарық талаптарына сәйкес келетіндей жүзеге асыруға жоспарланған инновациялық жобаларды нақты талдау көмегімен орындалатын инновациялық дамудың манызды емес аспектілерін бағалау үшін база қызметтін атқарады [4]. Алынған мәліметтер кәсіпорынның инновациялық дамуын анықтатын манызды көрсеткіштеріннің нақты есебін шығаруға, оған әсер ететін факторларды талдауға, кәсіпорынның даму деңгейін оның бәсекелестерінің даму деңгейімен салыстыруға мүмкіндік береді [5]. Осылайша, кәсіпорынның инновациялық стратегияларының прототипін қалыптастырудың негізінде оның инновациялық қызметтің бағыттарын тандау және оларды негіздеу, сонымен қатар осы қызметтің барлық нысандарын бағалау жатыр, олардың қатарындағы маныздылары:

- қолда бар өнімдерді және технологияларды жетілдіру;
- жаңа өнімдерді және технологияларды әзірлеу;
- кәсіпорынның технологиялық базасын жетілдіру және дамыту;
- инновациялық қызметті басқарудың тиімділігін арттыру;
- ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру.

Корыта келе, бәсекеге қабілеттілік ұғымы бойынша кәсіпорын, өнім және техниканың бір-бірімен тығыз байланыста екендігін анықтадық. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін көтеру бағыты келесідей екі құрылымдық мақсатқа бөлінеді:

- 1) тауардың бәсекеге қабілеттілігін көтеру бойынша үдерістерді қамтамасыз ету (басқарудың сапасын жақсарту, сыртқы ортаның байланысын нақтылау, стратегиялық маркетинг, кәсіпорынның инновациялық қызметтің іске асыру және т.б.);
- 2) тауардың сапасын және тұтынушыларға қызмет көрсетуді жақсарту (кесте).

Инновациялық жобаларды енгізу нәтижесінде бәсекеге қабілеттілігін көтеру бағыттары

Бәсекеге қабілеттілікті көтеру бағыты	Бағыт бойынша қысқаша жұмыстың мазмұны
<i>Tауардың бәсекеге қабілеттілігін көтеру бойынша үдерістерді қамтамасыз ету бағыты</i>	
Басқарудың сапасын жақсарту	Экономикалық, басқарушылық және инженерлік дайындық және мамандарды ӘӘТББ (әдіс → экономика + техника + басқару → бәсекеге қабілеттілік) жүйесіне қайта дайындау, экономикалық заңдардың қызметтің, үйым заңдарын, қазіргі үлгі мен басқару үлгілерін қолдануда шешім қабылдау және ғылыми мақсатқа койылатын талаптарды сақтау тегілтерін оқып білу.
Сыртқы ортаның байланысын нақтылау	Үйымның микро, мезо, макроортасының негізгі параметрлерін зерттеу, қоршаған орта туралы мәліметтердің тез келуі, олардың кепендері болуы үйымның сыртқы ортага деген бейімділікten жогарылатады.
Үйымның «кіру» және «шығу» стратегиялық маркетингін енгізу	Нарықтың макро және микросегменттеуін, қажеттілік және бағалылық динамикасын зерттеу, нарықтың параметрінің өзгеруін болжау, тауар және үйымның бәсекеге қабілеттілігінің стратегиялық нормативін әзірлеу, үйымның әртүрлі стратегиялық түріне қарай ұсынысты әзірлеу.
Үйымның инновациялық қызметтің жүзеге асыру	Үйымның инновациялық құрылымын үйимдастыруын дайындау, патенттік қордың ревизиясы бәсекеге қабілеттілікке байланысты. Инновациялық қызметтің тиімділігін талдау.
Жаңа қаржылық және есептік технологияны енгізу	Нарықтағы әрбір атаулы тауарлардың кірісінің болжамы негізінде үйимның тиімділігінің болжамы бойынша қаржылық технологияны және бухгалтерлік есеп және қаржы бойынша халықаралық стандарттарды енгізу және әзірлеу (басында – синтез, кейін - талдау).
Тауардың сапасы бойынша өмірлік кезеңінің ресурстық сыйымдылығын талдау және ресурстық үнемдеуші технологияны енгізу	Тауардың сапасы бойынша өмірлік кезеңінің ресурстық сыйымдылығының талдау, тауарлардың ресурстық сыйымдылығының техникалық, үйимдастырушылық және әлеуметтік-экономикалық факторларын талдау үлгісін әрбір үйимға енгізу. Елдегі ресурстарды қолдануды жақсартуын қамтамасыз ететін, ресурстық үнемдеуші технологиясы мен стратегиясын дайындау.
<i>Tауардың сапасын және тұтынушыларға қызмет көрсетуді жақсарту</i>	
Тауарлардың органолептикалық, физикалық-химиялық және басқа да сапалыққөрсеткіштерін жогарылату	Үйимның тауарының сапасын және бәсекелесінің көрсеткіштерін халықаралық түрде салыстыру және талдау: сенімділік, экологиялық, бағытталуы, технологиялық, стандарттау және унификация, қауіпсіздік және т.б., нақты нарық бойынша тауардың сапасының көрсеткіштерін болжау.

Инновациялық іс-әрекетін жетілдіру іс-шаралары келесідей [6]:

1. Кәсіпорындағы негізгі қорларға түгендөу жасап шығу керек. Ол негізгі қорлардың толық сапалық және сандық көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік береді.

2. Негізгі қорларды жаңартып отыру керек. Германиядағы сияқты негізгі қорлардың жаңаруы бес-он жыл ішінде жүзеге асыру керек. Сонымен қатар, кәсіпорындардың табистылық деңгейі жоғары болғандықтан, кор жаржысының 71% кәсіпорынның өзі қамтамасыз етеді, ал қалған 29% сыртқы инвесторлардан түседі екен. Жапонияда 2/3 жабдық технология жетістіктерінің ішіндегі ең жаңасы.

3. Негізгі қорларды жаңарту үшін инвестиция тартып, инвестициялаудың мөлшерін бірте-бірте көтеру керек. Бір уақытта барлық негізгі құралды жаңарту мүмкін емес, себебі инвестицияны тарту тиімсіз болады.

Ұсынылған үлгіге сәйкес бірінші машиналар мен құрал-жабдықтар, екінші ғимараттар мен құрылғылар және басқа да негізгі құралдарды жаңарту керек.

4. Кәсіпорын негізгі қорлардың 10 жылдық жаңартылуына сәйкес инвестиациялық бағдарлама дайындау керек.

5. Инновацияны енгізуі жеделдешту көзіне инвестиация жатады. Кәсіпорын немесе фирмада инвестиация көлемі көп болғанымен, олар көп жағдайда ескірген құрал-жабдықтарды жаңартуға жұмысалады. Керісінше, инвестиацияның өз көлемін кәсіпорын басшылары инновациялық өнім өндіруге жұмысайды. Сондықтан инвестиацияның көп көлемі инновациялық өнім шығаруды көбейтуге алып келе бермейді. Сондықтан инновациялық өнім шығаруды қолға ала отырып, инвестиацияның көп бөлігін осы бағытта қолдану керек.

6. Кәсіпорынның инновациялық жағдайын жақсартуға жалпы өнім көлеміндегі жана технология, еңбек сыйымдылығының көрсеткіші, технологияның орташа жасы, білікті мамандар саны әсер етеді.

7. Шетелдік техникалар мен технологияларды біздің кәсіпорындарда ендіру керек. Сонда ғана өнім сапасы элде қайда жоғары болады, сонымен қатар уақытты да тиімді қолдана бастаймыз.

8. Инновациялық өнім шығару үшін, негізгі құрал-жабдықтарды жаңартып қана қоймай, жоғары білікті мамандарды даярлап, яғни жаңа техникаларды түсініп, жаңа технологияларды қолдана білетін мамандарды қалыптастыру керек.

9. Амортизация мөлшерін, оны пайдалану және санау тәртібін белгілеу арқылы мемлекет ұдайы өндірістің қарқыны мен өзгелешілігін реттейді. Сонымен қатар, негізгі қордың жаңартылу жылдамдығын реттейді. Амортизация өндірісті бұрынғықалпында ұстап тұратын жай ұдайы өндіріс көзі. Қазіргі таңда амортизациялық қор жаржысын банкте сактауы керек. Ол инфляциядан және қажетсіз жұмысаудан сақтайды.

10. Негізгі қорларды жаңарту ынталарының бірі ретінде негізгі қорлардың жағдайын жаңжақты зерттеу арқылы амортизация мөлшерін көтеру мүмкіндігін іздестіру керек.

11. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін және техникалық деңгейді көтеруге, сонымен қатар ғылыми нәтижелерді енгізуге салынатын инвестиация көлемін реттейтін тетікті жасау, ол өз кезеңінде бәсекелестерге қарағанда баламалы өнімімен салыстырғанда артықшылығы бар жаңа өнімді шығаруға мүмкіндік береді;

12. Инновациялық жоба шенберінде қызмет ететін кәсіпорындарға негізгі өндірістік қорларды жаңарту үшін мемлекет тарапынан толыққанды көмек керек (салықтарды төмендету, несис мөлшерлемесінің төмендеуі, демеу-қаржы, ұзакмерзімді қарыздар).

Кәсіпорынның инновациялық дамуының негізгі бағыттарын оның инновациялық стратегиялары айқындаиды, ал инновациялық қызметтін атаптап нысандарын жүзеге асыру нәтижелері оның инновациялық дамуының тиімділігінің факторларымен анықталады, олардың қатарындағы маныздылары:

- кәсіпорынның инновациялық қызметінің бағыттары мен көлемін анықтайтын, инновациялық мүмкіншілік;

- жаңашылдықтарды тиімді игеру үшін қажетті, орталықсыздандыру және манызды инновациялық мақсаттар мен міндеттерді шешуде қажетті ресурстарды шоғырландыру үшін, басқару процесстерін орталықтандыруды алмастыратын, инновациялық процесстерді ұйымдастыру;

– капитал салымдарын орналастырудың негіздемесі (кәсіпорын алдына тұрған инновациялық мақсаттар мен міндеттерді шешу және инвестициялардың тиімділігін арттыру көзқарасымен) [7].

Накты инновациялық стратегияны тандау оны әзірлеудің әдіс-тәсілдерімен және алдынғы кезенде кәсіпорын жүзеге асыратын инновациялық қызметтін нәтижелерімен анықталады. Кәсіпорынға инновациялық стратегияның типін анықтау үшін оның ағымды жағдайы және потенциалды мүмкіндіктері туралы қажетті ақпарат алу мақсатымен оның қызмет етуінің негізгі аспекттілерін бағалау қажет.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Айтекенов К., Иsekeshov A., Орынбаев Е. Приоритеты индустриально-инновационного развития Казахстана и роль государственных институтов развития. – Алматы, 2013. – 254 с.
- [2] Александрин Ю.Н. Адаптация институтов развития малого предпринимательства к инновационной экономике // Экономика: теория и практика. – Изд-во Кубанский государственный университет, 2011. – № 2. – С. 39-48.
- [3] Алябушев Д.Б. Применение метода реальных опционов при управлении инновациями // Научный поиск: Экономика. Управление. Право: материалы Первой конференции аспирантов и докторантов ЮУрГУ. – Челябинск: Издательский центр ЮУрГУ, 2009. – С. 231-235.
- [4] Кошарный А.В. Технологии управления инновационными процессами. – Учебное пособие / А.В. Кошарный, Е.А. Кошарный, Н.А. Петрий, В.Б. Тарабаева. – Белгород: БелГУ, 2011. – 279 с.
- [5] Русинов Ф., Минаев Н. Система отбора и оценки инновационных проектов // Консультант директора. – 2012. – № 23.
- [6] Краснова Л.В. Внутренние проблемы управления инновационной деятельностью // Проблемы экономики. – Вып. 5(18). – М.: Изд-во ООО «Спутник +», 2007. – С. 79.
- [7] Казакова Н.А. Управленческий анализ и диагностика предпринимательской деятельности. Учебное пособие. – М.: Финансы и статистика, 2012. – 496 с.

REFERENCES

- [1] Aitekenov K., Isekeshov A., Orinbayev E. Prioriteti industrialno-innovacionnogo razvitiya Kazakhstana I rol gosudarstvennih institutov razvitiya. Almaty, 2013. 254 p.
- [2] Aleksandrin U.N. Adaptaciya institutov razvitiya malogo predprinimatelstva k innovatcionnoi ekonomike // Ekonomika: teoriya I praktika. Izd-vo Kubanskyi gosudarstvennyi universitet, 2011. N 2. P. 39-48.
- [3] Alyabushav D.B. Primenenie metoda realnih opcionov pri upravlenii innovaciyami // Nauchnyi poisk: Ekonomika. Upravlenie. Pravo: materialy Pervoi konferencii aspirantov doktorantov UUrGU. Chelyabinsk: Izdatelskyi centr UUrGU, 2009. P. 231-235.
- [4] Kosharnyi A.B. Tehnologii upravleniya innovatcionnymi proccesami. – Uchebnoe posobie / A.B.Kosharnyi, E.A. Koшарны, N.A.Petryi, V.B.Tarabayeva. Belgorod: BelGU, 2011. 279 p.
- [5] Rusinov F., Minaev N. Sistema otbora I otcenka innovatcionnyh proektov // Consultant direktora. 2012. N 23.
- [6] Krasnova L. V. Vnutrennie problem upravleniya innovatcionnoi deyatelnosti // Problemi ekonomiki. Vip. 5(18). M., Izd-vo OOO «Sputnik+», 2007. P. 79.
- [7] Kazakova N.A. Upravlencheskiy analiz I diagnostika predprinimatelskoi deyatelnosti: Uchebnoe posobie. M.: Financi I statistika, 2012. 496 p.

Г. К. Турабаев

Кандидат экономических наук, доцент Казахского национального педагогического университета им. Абая,
Алматы, Казахстан

УСОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ПРОЕКТОВ ПРЕДПРИЯТИЯ

Аннотация. В статье приведены некоторые пути совершенствования системы управления инновационными проектами на предприятиях, в частности, приведен алгоритм отбора инновационных проектов с учетом определения рисков, предложена модель трансформации инновационных проектов и стратегии развития предприятия, а также усовершенствованная схема управления инновационными проектами на предприятии. Рассмотрены особенности инновационного и технологического развития, а также их различия, которые основательно влияют на инновационные проекты. В статье обоснованы пути усовершенствования и внедрения инновационных проектов. Определена связь продукции и техники на конкурентоспособном предприятии.

Ключевые слова: инновационные проекты, алгоритм управления проектами, опцион, предприятие, алгоритм.